

**6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған**
Курпебаева Газиза Кабыловнаның
**«Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст
тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)»**
атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс мемлекеттеріндегі саяси оқиғалар таралымы қазіргі халықаралық қатынастардың жаңа кезеңдік жүйесінің қалыптасуына сәзсіз әсер етіп отыр. Таяу Шығыстағы халықаралық ахуал, геосаяси орта және соған қатысты мемлекеттер арасындағы күштердің ара салмағы қамтыған үрдіс әлі де жалғасуда. Міне, осы тұрғыда ізденуші сан ғасырлық тарихы, мәдениеті қаныққан және үнемі тепе-тендікте тұрмайтын діни, саяси, экономикалық, этникалық жүйелері бар араб-мұсылман әлеміндегі мемлекеттердің дамуындағы әртүрлі модельдердің ерекшеліктері мен қайшылықтарын ғылыми тұрғыда негіздел зерттеген.

Диссертациялық жұмыста саяси процестің теориялық зерттеулері және араб шығысындағы елдердегі саяси процестердің өркениеттік ерекшеліктері, сондай-ақ қазіргі революциялар тұжырымдамасы жүйелі зерттелінген. Автор «араб көктемінің» мәні, факторлары мен қозғаушы күштері туралы араб әлеміндегі авторитарлық режимдерді тұрақсыздандыру технологиялары туралы қолданбалы жұмыстар, соның ішінде Египет пен Ливиядағы саяси процестер параметрлерін аймақтық тұрғыда нақты талдаған. Сонымен қатар, олардың экономикалық, әлеуметтік және этно-конфессиялық шарттары, саяси режимдер типологиясы, саяси субъектілердің орналасуы, ішкі және сыртқы саяси факторлардың өзара ықпалы салыстырмалы талданған.

Зерттеу нысанына отандық ғалымдар мен сарапшылардың, шетелдік ғалымдардың енбектері негізге алынып, жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілген. Ізденуші аймақтық қауіпсіздік кешенін зерттеуде қауіпсіздіктің «өзара байланыс» құрылымын зерттеу қажет деп атап өтеді. Аймақтық тәсілдің артықшылығы өңірлік деңгейдегі зерттеудің ғаламдық деңгейден бөлінуінде, бұл тәсіл қауіпсіздіктің көптеген мәселелерін жоғарыдан төменге, төменнен жоғары қарай тенденстірліген үрдісті түсіндірудің негіз болып табылады. Осы бағытта қауіпсіздіктің қорғаныс үлгісін талдауда Таварес пен Бузанның аймақтық кластерлер қақтығыстар типологиясын Курпебаева Газиза ұтымды қолданған.

Диссертациялық жұмыс сәзсіз ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан өте сауатты жазылған

жұмыс болып табылады. Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және әдіснамалық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістерінің дәйектілігімен, зерттеу міндеттеріне сай зерттеу әдістерін дұрыс таңдауымен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.

Г.К.Курпебаеваның диссертациялық жұмысы бүгінгі халықаралық қатынастар ғылымының жаңа арнасын құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, ізденушінің зерттеу жұмысы бүгінгі ғылымның сұранысына лайық Қазақстан Республикасының «Білім» заңы, Қазақстан Республикасы Білім беру үйимдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына, ұлттық идеяны қалыптастырудың ғылыми принциптерінің талабына және т.б. да мемлекеттік құжаттарға жауап берерлік мәнді еңбек деп бағалауға болады.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Бірінші ғылыми нәтижеде қазіргі халықаралық қатынастағы аймақтық трансформацияны ескере отырып, диссидентант «араб көктемін» революциялық толқын тұрғысынан зерделеген.

Екінші ғылыми нәтижеде «араб көктемі» феномені Египет, Ливия және Сирия мемлекеттерінің даму ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ескере отырып, салыстырмалы зерделенген.

Үшінші ғылыми нәтижеде өркениеттер қақтығысы теориясының «араб көктемі» оқиғасын талдауда толығымен өзін ақтамағанын дәлелдей отырып, араб елдеріндегі режимге қарсы құштердің бір-бірінен ерекшелігін, бұл елдердің ешқайсысында исламдық экстремистер бастаған демонстранттар болмағандығын, мемлекеттің зайырлы табиғатынан бас тартып, шаригат қағидаларын сот практикасы мен қоғамдық өмірге енгізу туралы ешқандай талап қойылмағандығын нақтылайды.

Төртінші ғылыми нәтижеде зерттеліп отырған елдерде көтерілістердің басталуының негізгі себептеріне талдау жасалған.

Бесінші ғылыми нәтижеде Египет, Ливия және Сириядагы оқиғалардың салдары анықталып, аймақтағы ахуалдың әрі қарай өрбу барысына баға берілген.

Алтыншы ғылыми нәтижеде араб дағдарысының жаһандық және аймақтық қауіпсіздік үшін салдарын талдай отырып, аталған елдерде билік дағдарысын шешудегі күштік әдіс ерекшеліктері сараланған.

Жетінші ғылыми нәтижеде Таяу Шығыста орын алған оқиғалар аясында Орталық Азияда терроризм қаупіне байланысты іс-қимылдар кешені талданған.

Сегізінші ғылыми нәтижеде араб елдерінде революциялардан кейін саяси режимнің өзгеруі жаһандық және өнірлік қауіпсіздік тұрғысынан сараланған.

Тоғызыншы ғылыми нәтижеде Сирия дағдарысын реттеудегі Қазақстан Республикасының рөлі зерттелген.

Ізденуші зерттеу барысында саяси-реализм, неореализм теорияларын ұтымды қолданған, бұл автордың теориялық тұрғыдан сауаттылығын дәлелдейді. Сонымен қатар, жүйелі пәнаралық көзқарастар, жүйелі тәсіл, салыстырмалы тарихи талдау, контент-анализ, ивент-анализ, саяси лидерлердің саяси мұдделері мен көзқарастарын салыстырмалы талдауда когнитивті карталау әдістері өте ұтымды қолданылған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Зерттеудің аймақтық және ғаламдық деңгейлері әлем құрудың вестфалиялық моделіне қайши келмейді, бірақ аймақтық динамиканың мәселелерін зерделеу мемлекеттердің әртүрлі типтері қауіпсіздік кешендерінің қалыптасуына қалай әсер ететінін талдауга өте маңызды.

Екінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Араб көктемі оқиғалары кезіндегі әлеуметтік-саяси тұрақсыздық факторын корреляция және бірнеше регрессиялық талдау әдістерін салыстырмалы қолдана отырып талданған. Араб елдеріндегі 2011 жылғы көтеріліс әлеуметтік-саяси тұрақсыздандыру генезисінде қоғамдарды модернизациялаудағы тұрақсыздықтың объективті алғышарттары, оның ішінде саяси, әлеуметтік, демографиялық, тарихи, конфессиялық экономикалық және тұрақсыздықтың субъективті көрсеткіштері белгілі бір уақыт кезеңін қамти отырып нақтыланған.

Үшінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Араб әлемінің өз дамуының жаңа кезеңіне өтуі көптеген бақылаушылар күткендей бір ислам туының астына жинамады және өркениеттер арасындағы қайшылықтардан туындаамады. «Араб көктемі» исламдың ұйымдардың өздеріне тікелей ықпал ете алмады, олардың дифференциациалды дамуына ғана байсалды демеу жасап келеді, қалыпты тек қанатын ғана нығайтады. Ал Египеттегі «Мұсылман бауырлары» конституциялық саяси қызмет жағына ығысып отыр. Айтылған деректердің бәрі діни және мәдени сипаттағы қайшылықтардың болғанын жоққа шығармайды. Алайда, олар екі өркениеттің - батыстық және исламдықтардың «қайтпас қайшылықтарын» көрсетпейді, тек олардың арасындағы диалогтың дағдарысын ғана көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Египет, Ливия және Сириядағы ереуілдердің негізгі ішкі себептері аймақ елдеріндегі жылдар бойы кордаланған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтар, әрі осы қайшылықтар халықтың басым бөлігінің қоғамның және өз жағдайларына қанағаттанбауына алып келуімен сабактасып жатыр.

Бесінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Ливияга қатысты М.Каддафи режимінің құлдырап, Еуропалық Одақ елдеріне босқындардың көшуі артып, содырларды жасыру әбден мүмкін. Осы көші-қон толқыны салдарынан ЕО кеңістігінде әлеуметтік хаос пен лаңкестік және экстремистік ұйымдардың іс-әрекеінің ортасын құруына әкеледі. НАТО елдерінің трансұлттық компаниялары арасында Ливия мұнайын өндіру және өндіре саласында ықпал ету салаларын қайта бөлу, Ливия аумағында әлемдік мұнай жеткізілімдеріне және Жерорта теңізіне халықаралық тасымалдарға қатер төндіріп, аймақтық тұрақсыздыққа келуі мүмкін.

Ал Египетке қатысты Каирде «Араб көктемі» ұрандарымен мемлекет құрып, тек шарифат заңына негізделген «Мұсылман бауырлар» радикалды ұйымдарының жетекшілерін билікке келуі, Батыс елдерімен тұрақты экономикалық қатынастарға бағытталған экономикалық, саяси және мәдени саладағы ықпалды христиан (коптикалық) қауымдастықтарды ығыстыруы, Суэц каналы арқылы энергия ресурстарын коммерциялық жеткізілім мен транзитті исламистің шешімдеріне тәуелді ету көрінісі байқалатындығын диссертант талдайды.

Сирияға қатысты Сирияда Ресеймен достық қарым қатынас орнататын мұсылмандар мен христиандардың мұдделерін ескеретін «Ислам мемлекеті» келу мүмкіндігін, Катар Сирия аумағы арқылы Ресейдің Еуропалық Одақ елдеріне жеткізетін газ құбырларына балама газ құбырын тартуы мүмкін. Оқиғалардың мұндай бұрылсызы аймақтық (Таяу Шығыс) және жаһандық (Еуразия) деңгейдегі Ресей Федерациясының энергетикалық және экономикалық жағдайына елеулі залал келтіруі мүмкін екендігін талдайды. Сириядағы исламистердің жеңісі аймақтық тепе-тендіктің бұзылуына әкелетін жаңа геосаяси кеңістікті құруды қамтамасыз етеді. Ресейдің онтүстік шекараларында (Түркия, Ирак, содан кейін - Ауғанстан және Орта Азия) қауіпті исламистік анклавтардың пайда болуына әкелуі әбден мүмкін. Осы үш елдің мысалын қолдана отырып, «Араб көктемінің» сипаттамаларын анықтауға және оқиғалардың дамуының болжамды сценарийін жасауға, сондай-ақ, осыған байланысты туындастын қатерлерге қарсы тұру әдістерін автор зерттеу жұмысының негізгі бөлімінде зерделеген.

Алтыншы ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Араб елдеріндегі саяси саладағы ислам рөлінің қүшеюі, қалыпты исламдандыру ішкі және сыртқы қайшылықтардың шиеленісусіз саяси жүйелер мен саяси жүйенің эволюциялық өзгеруіне әкелуі мүмкіндігі талданады. Сонымен қатар, биліктің радикалды исламшыларға берілуі шиеленіс, экстремизм орталықтарының пайда болуы мен ұлттық шекаралар арқылы өтпекші болған азаматтық соғыстардың басталуымен байланысты

екендігін автор дәлелдейді. Нәтижесінде радикалды исламизмнің әсері басқа аудандарына да таралуы мүмкін. Сондай-ақ, Таяу Шығысқа ықпал етуші жетекші елдердің мұдделері күшейіп, саяси және экономикалық жаңа дағдарыс әкелуі мүмкін. Аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі күштердің жаңа конфигурациясын болдырмауға мәжбүр етеді. Қалыпты исламдық саяси қозғалыстар мен партиялар саяси, діни және мәдени байланыстарды дамыту арқылы ислам әлемімен стратегиялық өзара іс-қымылды кенейту қажет екендігін диссертант тиянақты салыстырмала түрде сараптамадан өткізеді.

Жетінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Қазір халықаралық қатынастар саласында жаһандану процесінде Қазақстан өзін бөліп қарастырмайды, ол сол процестің толқынында. Сондықтан Қазақстан жаһандық процестерге ене отырып, өзін белсенді субъект ретінде танытып отыр. Халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің Орта Азия елдеріне, атап айтқанда Қазақстанға төнетін қатерінің деңгейі туралы сарапшылар қауымдастығында консенсус жок. Алайда, аймақ мемлекеттері осы күштердің әрекет ету объектісіне айналуы әбден мүмкін, бұл құқық қорғау органдары мен Орталық Азия елдерінің арнайы қызметтері, сондай-ақ ҰҚШҰ мен ШЫҰ аясында алдын алу шараларын қолдануды талап етеді.

Сегізінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Қазіргі уақытта Таяу Шығыс, соның ішінде Египет, Ливия және Сирия күрделі тарихи кезеңді бастан өткеруде. Олардың мемлекеттік қауіпсіздігі көп жағдайда қарулы күштердің іс-әрекеттеріне және әскери басшылықтың шешімдеріне байланысты. Бұгінде екінші «революциялық толқынның» пайда болу ықтималдығы біршама төмендегеніне қарамастан, бұл мемлекеттерде әлі де болса шешілмей келе жатқан проблемалар өте көп. Араб көктемі, негізінен, Таяу Шығыстағы ішкі әлеуметтік проблемалардан туындаған жемқорлық пен бюрократияның жоғары деңгейлерін, жүйелі саяси институттардың жоқтығын әлі де көрсетіп отыр. Америка Құрама Штаттары Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы оппозициялық қозғалыстардың, әсіресе Сирия, Ливия және Египетте қызметін қолдады. АҚШ-тың қоғамдық дипломатияның зерттеу жобалары араб жастарының арасында либералдық саяси мәдениетінің қалыптасып болашақта режимнің эволюциялық өзгеруіне алып келуіне бағыттады. Сонымен бірге, АҚШ үкіметі төңкерістердің басында араб әлеміндегі режимдерді құлату міндетін қоймады. Алайда, Америка Құрама Штаттары араб қоғамының құрылымын өзгерте алды, саяси белсенді либералды ойлайтын араб жастарының қабатын құруға ықпал етті.

Тоғызыншы ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі

Таяу Шығыстағы және Солтүстік Африкадағы төңкерістер мен азаматтық соғыстар босқындарға толы Еуропа үшін күрделі проблемаға айналды. Сирияға «Ислам мемлекеті» жағындағы қактығыстарға қатысу үшін кететін азаматтардың саны өсті, бұл террористтік қауіп деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы жағдайды тұрақсыздандыру әрекеттерін қатаң түрде баса отырып, қалыпты исламды тарату жөніндегі жұмысты жандандыруы керек екенін автор атап

өтеді. ҚР білім беру қызметі мен көші-қон саясатына назар аудара отырып, осы саладағы заңнамалық реттеуді жетілдіру аясында радикалды исламизмге қарсы бағытталған нақты шараларды қабылдауы керек деген ұсыныс береді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа. Халықаралық қатынастар саласындағы араб елдерінде болған халықаралық саяси дағдарыс аймақтық контекстінде талданған. Египет, Ливия және Сириядагы «араб көктемі» оқиғаларына саяси талдау жүргізілген, осы оқиғалардың аймақтық және жаһандық қауіпсіздік жүйесіне ықпалын анықтаған.

Екінші нәтиже жаңа. Египет, Ливия және Сирия мемлекеттерінің даму ерекшеліктері мен ұқсастықтары салыстырмалы зерделеніп, Таяу Шығыстағы саяси процесті бағалау үшін отандық, араб және ағылшын тіліндегі сарапшылардың көзқарастары талданған.

Үшінші нәтиже жаңа. С. Хантингтон мен Р. Миллз ұсынған ұғымдар араб елдеріндегі дағдарысты зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігі көрсетілген. «Саяси режим» ұғымы нақтыланып, Таяу Шығыс аймағында авторитаризм түрлерінің бірі «популистік авторитаризм» басым болып кездесетіні дәлелденген.

Төртінші нәтиже жаңа. Египет, Ливия және Сириядагы ереуілдердің негізгі ішкі себептері аймақ елдеріндегі жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтар, әрі осы қайшылықтардың «салыстырмалы депривацияға», яғни халықтың басым бөлігінің қоғамның және өз жағдайларына қанағаттанбауына алып келуімен сабактасып жатыр.

Бесінші нәтиже жаңа. Араб елдерінің көшілігінің әлеуметтік-саяси дамуы XXI ғасырдың басында мемлекет пен қоғамдық-саяси саланы ырықтандыру, демократияландырумен қатар, саяси исламизмнің радикалды бағыттары сияқты екі маңызды тенденциямен сипатталды. Араб әлемінің эволюциясына ішкі, елге тән құбылыстар да, жаһандану мен әлемдік аренадағы күштер тепе-тендігінің өзгеруінен туындаған сыртқы факторлар да әсер етті. Дегенмен, исламистер мен зайырлы билік өкілдерінің арасында толеранттылық, адам құқығы мен бостандығы сияқты сұрақтарға келгенде алшақтық болса да, елдердің саяси құрылымына қатысты демократияның даму сценарийін құруға келгенде келіссөз жүргізуге дайындықтарын көрсетіп отыр.

Алтыншы нәтиже жаңа. Араб көктемі кезеңінде АҚШ-тың халықаралық аренада негізгі ойыншы ретіндегі қызметі АҚШ-тағы араб жастарына білім беру жобаларын ілгерілету, араб елдеріндегі оппозициялық «демократиялық» қозғалыстардың құрылуы мен дамуына үлесін қосу, әлеуметтік желілердегі оппозицияның қызметіне қолдау көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарының Араб Шығысына әсерін тарату, МЕҰ арқылы

наразылық акцияларын ұйымдастыруды қолдау және қаржыландыру, «қалыпты оппозицияның» қарулы отрядтарының қызметіне жан-жақты қолдау көрсету, қарулы күштерді НАТО құрылымына сүйене отырып, өз мұдделерін іске асыру құралы ретінде пайдалану сияқты формалармен ұсынылды. Арнайы операциялық күштердің тапсырмаларын орындау, әуе шабуылдарын ұйымдастыру, барлаудың барлық түрлерін жүргізу, қарудың жаңа түрлерін сынау сияқты қызметтік көмек көрсету АҚШ-ның үйреншікті нысандары болды.

Жетінші нәтиже жаңа. Үлкен Таяу Шығыс мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қазіргі және болашақтағы басты қауіп-қатер исламдық экстремизмнің күшеюіне және аймақтағы терроризмнің таралуына әкелген Ливия мен Сириядағы оқиғалардан бастау алады. Әскери күштердің, әсіресе сыртқы көмекке байланысты бүгінде Сириядағы этникалық топтар аясында ұйымдастырылған топтардың құрамында соғысып жатқан жалдамалылардың үлкен күші болғанын мойындау мүмкін емес. Халықаралық терроризмге қарсы қуресте Башар Асад үкіметімен ынтымақтастықтың, соның ішінде ИМ күресінің айқын қажеттілігіне қарамастан, АҚШ және басқа да елдер Сириядағы биліктің зандаулығын жоққа шығарып қана қоймай, содырларға қолдау көрсетуде.

Сегізінші нәтиже жаңа. «Араб көктемі» Иран Ислам Республикасы, Сауд Арабиясы және Түркия арасындағы қақтығыстар потенциалы мен Таяу Шығысқа ықпалын арттыру үшін қуресті арттыруға әсер етті, бұл этникалық-діни шиеленістердің күшеюі мен аймақтың қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіреді. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан тыс жерлерде радикализмнің таралу тенденциялары байқалады. Жалпы, бүгінгі күнге дейін Египетте, Ливия мен Сирияда жаңа конституциялар қабылданды, Ливия мен Египетте жаңа мемлекет басшылары сайланды. АҚШ пен бірқатар басқа елдердің құлатуға деген белсенді әрекеттеріне қарамастан Сирияда, негізінен Ресейдің қолдауының арқасында билеуші режим аман қалды, Египетте билікке келген қалыпты исламдық қозғалыстар тек зайырлы либералды қозғалыстардың ғана емес, радикалды салафиттердің де қатты қарсылығына тап болды.

Тоғызыншы нәтиже жаңа. Сирия дағдарысын реттеудегі Қазақстан Республикасының рөлі және «Араб көктемі» контекстіндегі исламизмге қарсы әрекет ету тиімділігін арттыру жолдары талқыланған. «Араб көктемі» аясында Қазақстан Республикасында терроризмнің таралу қаупіне қарсы тұру тұрғысында келесі шараларды жүзеге асыруда исламдық экстремизм мен терроризмнің таралуы саласындағы құқықтық базаны жетілдіруге, өздерінің діни сауаттылығын дамыту кезінде шетелде діни білім туралы бағдарламаларды бақылауға алу, Таяу Шығыс және Орта Азия елдерінен көші-қон ағындарын шектеуге; халықаралық терроризммен қурестегі шетелдік тәжірибелі талдау және енгізуге, осы саладағы халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара әрекеттесуді қүшетуге назар аудару қажет екенін диссертант нақтылаған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыс ғылыми мазмұны жағынан білікті жазылған, яғни таңдалған тақырып нақты және талданған көрсеткіштер толығымен бейнеленген. Қазіргі ғылым және техниканың даму деңгейіне сәйкес және өзекті. Диссертация мазмұны толық ашылған, қорытынды және ұсыныстары, олардың жаңашылдығы және қажеттілігі толығымен қамтылған. Курпебаева Газизаның зерттеу жұмысында жинақталған ақпараттарды мәтіндік материалдар түрінде, яғни диссертант өзіндік авторлық тұрғыдан қарауы бойынша жинақталған ғылыми фактілер және ғылыми құндылығы дәлелденген, тәжірибелік қажеттілігін саналы түрде айқындалған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Араб елдерінің саяси және институционалдық жүйесінің жұмыс істеуінің тиімді нормалары мен тәжірибелерін айқындау, экстремизм мен терроризмге қарсы тұратын саяси және діни дәстүрлердің құндылықтары мен көзқарастарын айқындау; араб әлемінің ұлттық және діни дәстүрлеріне негізделген саяси модернизация технологияларын дамыту; этно-конфессиялық және аумақтық қақтығыстарды болжау және алдын алу әдістерін жетілдіру диссертациялық зерттеу жұмысының маңызды бағыт-бағдарын анықтайды.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Г.К.Курпебаеваның зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 11 мақала жарияланған. Scopus мәліметтер базасына енгізілген 1 мақала, халықаралық конференциялар материалдарында 5 мақала, соның ішінде шетелдік конференциялар материалдарында 3 мақала, ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда 5 мақала жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеу жұмысының ғылыми мәнін бағалай келіп, төмендегідей ұсыныс-ескертулер бар. Мәселен, зерттеудің тұжырымдамалық-категориялық аппаратын талдау кезінде «революция», «төңкеріс», «азаматтық соғыс»,

«дағдарыс», «қақтығыс» сияқты жи қолданылатын ұғымдардың мәні мен корреляциясы іс жүзінде бір-бірінен айырмашылығы қарастырылмайды, бұл олардың мазмұнын бірдей етеді.

Сонымен қатар, диссертацияда «араб көктемі» оқиғаларындағы Израиль мемлекетінің орны мен рөлі, сондай-ақ оның осы кезеңдегі сыртқы саясатының сипаты толық ашылмаған. Араб елдеріндегі революциялық оқиғалардың Таяу Шығыстағы «бейбітшілік үдерісіне» әсері, атап айтқанда, Палестина-Израиль келіссөздері және жалпы Палестина араб халқының проблемаларын шешу перспективалары, зерттеу шенберінен тыс қалған.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құрылымына, тақырыптың өзектілігіне, жасалған тұжырымдардың ғылыми құндылығы мен мәнділігіне нұқсан келтірмейді деп санаймын. Аталған кемшілікті ұсыныс ретінде қарауға болады.

9. Диссертацияның Фылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертация мазмұны бойынша теориялық қағидалар жиынтығын жаңағылыми жетістік деп тануға болады, маңызды халықаралық қатынастар саласы бойынша мәні барғылыми дербес зерттеу жұмысы болып табылады.

«6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст түрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы толыққанды аяқталған зерттеу жұмысы ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамсыз ету комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Курпебаева Газиза Кабыловна «6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

саяси ғылымдарының кандидаты,
«Талдау және болжау орталығы
«Открытый Мир» қоғамдық
қорының вице-президенті

Тел.: 8 777 977 77 71
E-mail: o.kaptagayev@mail.ru

Q.1

Каптагаев О.К.



19.02.2021 ж.